

The page features a decorative border with autumn-themed elements. At the top right, there is a branch with red berries and orange-brown leaves. The left side is decorated with a vertical strip of leaves and berries. The bottom left corner shows a large cluster of red berries and orange leaves. The bottom right corner has a yellow maple leaf and other autumn foliage. The background is a warm, golden-yellow gradient with soft light spots.

ЕРТЕ ЖАС ТОП
БАЛАЛАР СЕРУЕНІНЕ
АРНАЛҒАН

КҮЗ МЕЗГІЛІНІҢ
КАРТОТЕКАСЫ

The page is framed by a decorative border of autumn-themed elements. At the top right, there is a cluster of red grapes hanging from a branch with several leaves in shades of orange, red, and yellow. On the left side, there are various leaves: a large purple and red maple leaf at the top, a yellow leaf in the middle, and several smaller leaves in white, yellow, and red. The background is a warm gradient of orange and red, with some white starburst patterns scattered throughout.

Серуен №1

Бакылау: Күзгі жаңбырды бакылау.

Мақсаты: Күзгі жаңбырдың, жазғы жаңбырдан айырмашылығын айту. Жазғы жаңбыр жылы, күзгі жаңбыр суық, тез жаурайтынымызды әңгімелеу.

Еңбек: Киім шкафтарын, аяқ киім сөресін реттеу.

Балалармен жеке жұмыс:

Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков

«Жау, жаңбыр» Жаңбыр, жаңбыр жауасын,
Жанымызға дауасын.

Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: Балалардың көңіл күйлерін көтеру, шапшандыққа тәрбиелеу.

Көркем сөз:

Біз ойнайтын ауланың Тазартасын ауасын

The page is framed by a decorative border featuring autumn-themed elements. At the top right, there is a cluster of red grapes hanging from a branch with orange and red leaves. On the left side, there are several maple leaves in shades of yellow, orange, and red, some with white outlines. The background is a warm, golden-yellow color with soft, glowing light effects.

Картотека №12

Бақылау: Аула маңындағы көліктерді бақылау.

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы кең мағлұмат беру.

Жеке жұмыс: Күз туралы таппак айту.

Еңбек: ойыншық камаз машинасымен құм тасу.

Мақсаты: Өз бетінше іс-әрекет жасауға үйрету.

Қимылды ойын: Машиналар

Мақсаты: балаларға көлі дыбыстарын, жүрістері салғызып үйрету.

Дербес іс-әрекеттер.



Серуен №3

Бақылау: Бұлтты бақылау.

Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.

Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.

Мақсаты; Балаларды еңбекке үйрету, тазалыққа баулу.

Балалармен жеке жұмыс:

«Бұлт» Қ. Әлімқұлов

Түрленді дала, бау- бақша
Құлпыра қалды тау жақта

Қимылды ойын: « Ақ қоян»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа үйрету; Күз мезгілінің жомарттығын білгізу.

Көркем сөз: Қара бұлтты жел қуып
Жөкеп берді аулаққа.



Серуен №4

Бақылау: Жәндіктерді бақылау.

Мақсаты: Күзде жәндіктердің, көбелектердің жерге терең кіріп ұйықтайтынын айтып, олардың қалай азықтарын таситындарын бақылау

Еңбек: Гүлдердің тұқымын жинау

Мақсаты: Гүлдердің тұқымын сақтап, көктемде отырғызса қайта әдемі гүлдер өсіп шығатынын ұғындыру.

Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер туралы ертегі»

Мақсаты: Оқылған ертегіні есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.

Қимылды ойындар: «Көкөністер мен жемістерді жинау»

Мақсаты: Күз мезгілінің байлығын түсіндіру, шапшандыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Көркем сөз: Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар

Су құйғанда өседі.



Серуен №5

Бақылау: Тұманды бақылау.

Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.

Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.

Мақсаты: Ойларын, қиялын дамыту.

Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.

Мақсаты: Дыбыстарды анық, таза айтуға үйрету.

Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?»

Мақсаты: Байқампаздыққа, ептілікке баулу.

Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты
Желдетті де бұлт қуды
Жел соққан соң жел тіпті



Серуен №6

Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау.

Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атату және қимыл- қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау.

Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа, құстарға жем салу, оларды қоректендіру.

Мақсаты: Қыс мезгілінде құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету.

Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С. Сейфуллин)

Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» (жүгіру)

Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау.

Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай,
Жер бауырлап зырлайды
Шырқап биік, күнге күйіп
Қалмай, сайрап жырлайды.»



Серуен №7

Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау.

Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Балалардың тілін дамыту, әңгімелеу арқылы.

Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.

Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету.

Балалармен жеке жұмыс: Такпақ оқу.

«Желді күн» (Ж. Смаков)

«Гу-гу, гу-гу шықты
Желдетті де бұлт қуды
Жел соққан соң
Жел соққандай жұлқынды»

Қимылды ойындар: «Күн мен түн»(жүгіру)

Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту.



Серуен №8

Бақылау: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.

Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.

Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау.

Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру.

Балалармен жеке жұмыс: «Жел»туралы тақпақ айтқызу

Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру)

Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру.

Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп

Болып кетті тым ұзақ

Шуылдайды тал терек

Жапырағын жұлғызып»

The page is framed by a decorative border of autumn-themed illustrations. At the top right, a branch with red and orange leaves and a bunch of red grapes is visible. The left side features a vertical strip with yellow and orange leaves, white flowers, and a white starburst. The bottom left shows a large bunch of red grapes and orange leaves. The bottom right has a yellow leaf and a white starburst. The background is a warm gradient of yellow and orange.

Серуен №9

Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау.

Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Балалардың тілін шашылған қағаздарды жинау, құмды көтеру.

Еңбек: **Мақсаты:** Өз ойын алаңын жинақы ұстату.

Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу. «Желді күн»(Ж. Смаков)

Қимылды ойындар: «Күн мен түн» (жүгіру)
Мақсаты: Қырағылықтарын, байқампаздықтарын дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп
Болып кетті тым ұзақ
Шуылдайды тал терек
Жапырағын жұлғызып»

Серуен №10

Бақылау: Күзгі желдің бағытын бақылау.

Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттері арттыру.

Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.

Мақсаты: Жапырақтың жеңілдігін білгізу, жел қалай соқса сол бағытқа ұшатынын түсіндіру.

Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.

«Кейде сипап өтер,
Кейде ұйпап кетер» (жел)

Қимылды ойындар: «Жел көбік»

Мақсаты: Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.

Көркем сөз:

Көк майса, көрікті, Алқаптағы көк егін
Бұл күндері кейіпті, Сары жібек көйлегін



Серуен №11

Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»

Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.

Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау.

Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру.

Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйқылжытып дала күйін,
Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш)

Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар»

Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.

Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты

Желдетті де бұлт қуды

Жел соққан соң

Жел соққандай жұлқынды»

The background is a vibrant autumn-themed illustration. It features a warm color palette of reds, oranges, and yellows. Scattered throughout are various types of leaves, including large maple leaves and smaller, more delicate ones. Clusters of dark red grapes are also depicted. The overall effect is bright and celebratory, typical of a seasonal educational or recreational page.

Серуен № 12

Бакылау: «Күзгі саябаққа серуен»

Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп, әңгімелеу.

Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау.

Мақсаты: Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету.

Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату.

«Алтын -сары,қызыл көк

Алуан- алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап»

Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық»,

Мақсаты: Ойын ережесін тындай отырып, өздері ойын барысын бұзбай ойнауға баулу. Ептілікке, байқампаздыққа үйрету.

Көркем сөз: «Алтын -сары,қызыл көк

Алуан- алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап»

The background is a vibrant autumn-themed illustration. It features a warm color palette of oranges, yellows, and reds. Scattered throughout are various types of leaves, including large maple leaves in shades of red and orange, and smaller, more delicate leaves in yellow and white. Clusters of dark red grapes are also depicted, adding to the seasonal feel. The overall composition is bright and festive, with a soft, glowing light effect.

Серуен №13

Бақылау: Қоңыр күзді бақылау, салыстыру.

Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.

Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.

Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.

Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру)

Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу.

Көркем сөз: «Күз»

Қара бұлт қабағын түйеді,
Бұталар боз қырау киеді
Осы ма, осы ма, күз деген,
Бақшаға баратын бізбенен.



Серуен №14

Бақылау: Құмдағы іздерді бақылау.

Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің (кімнің) ненің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.

Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру, кіші топ балаларына көмектесу.

Мақсаты: Кішіге қамқор болуға үйрету.

Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту»

Бір бөрік тіктім, Екі қолым талып
Үш тал үкі тағып, Төрт рет қарап
Бес рет санадым

Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық»,
«Кім епті?»

Мақсаты: Ойын ережесін сақтай тоырып,
ептілікке бағыттау.

Көркем сөз: Бір бөрік тіктім
Екі қолым талып
Үш тал үкі тағып



Серуен №15

Бақылау: «Өзге топ балаларының іс-әрекеті»

Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс-әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.

Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарын жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру.

Ағайынды бес құрдас

Бірдей болып еш тұрмас (саусак)

Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт»

Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету.

Балаларды икемділікке баулу.

Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көркем сөз: 1. Есігі-біреу

Бөлмесі бесеу

(қолғап)

2.Адамның сәні

Онсыз жоқ мәні

(киім)

киім)

The background is a vibrant autumn-themed illustration. It features a warm color palette of reds, oranges, and yellows. Scattered throughout are various types of leaves, including large maple leaves and smaller, more delicate ones. Clusters of bright red berries are also present. The overall effect is bright and festive, with some light flare effects.

Картотека №16

Бақылау: Жәндіктерді бақылау.

Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.

Қимылды ойын: «Автомобильдер»

Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рөлдер бар. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша әр түрлі түсті таяқшалармен балалар өзін жүргізуші ретінде санап, өз дабылы бойынша қимылдайды.